

1. Қайнарбеков Талғат Қанатұлы	Кеңестің а у д а н орынбасары	төрағасы, әкімінің
2. Нүсіпова Бақытгүл Темірханқызы	Кеңес орынбасары, аппаратының ішкі	төрағасының аудан әкімі саясат және

	әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы
3. Байғабылов Сейілхан Мәденұлы	Кеңес төрағасының орынбасары, Отан саяси партиясының аудандық бөлімшесінің атқарушы директоры (келісім бойынша)
4. Жұмағұлова Айгүл Майданқызы	Кеңестің хатшысы, ұйымдастыру кадр жұмысы жөніндегі бөлімнің жетекші маманының міндетін атқарушы
Кеңестің мүшелері:	
1. Кәлпебаев Алтай Мұратұлы	аудан әкімі аппаратының заңгер - бас маманының міндетін атқарушы
2. Сүлейменов Қуаныш Сұлтанұлы	аудан әкімі аппаратының мәдениет бөлімнің бас маманы
3. Әбділданов Қанат Таңжарықұлы	аудан әкімі аппаратының туризм және спорт бөлімінің бас маманы
4. Абитова Зайтуна Тастанқызы	аудандық білім бөлімінің маманы
5. Балбаева Маржан Ертайқызы	аудандық еңбек, жұмыспен қамту және тұрғындарды әлеуметтік қорғау бөлімінің бастығы
6. Гусенов Алик Юсифович	4 орта мектебінің педагог - ұйымдастырушысы
7. Серіков Тұран Серікұлы	балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры (келісім бойынша)
8. Ағыбаев Ғани Бартайұлы	Аудандық орталық аурухана мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері (келісім бойынша)
9. Ешкенов Ертай Оразұлы	аудандық санитарлық - эпидемиологиялық станцияның мемлекеттік санитарлық дәрігері (келісім бойынша)
10. Шоқпарбаева Қазила Жаңабайқызы	азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
11. Мұқанов Берік Мейірханұлы	аудандық қаржы бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
12. Ерғазынов Ермек Ақанұлы	аудандық ішкі істері бөлімінің кәмелетке толмағандар бөлімінің бастығы, полицияның аға лейтенанты (келісім бойынша)
13. Котельникова Лариса Леонидовна	Харуат балалар мәдени-спорт клубының директоры (келісім бойынша)

;

10) Жастардың аудандағы қоғамдық - саяси, әлеуметтік, экономикалық өміріне қатысу үшін жасаған ұмтылысына қолдау көрсету, жәрдемдесу.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылғы 13 желтоқсандағы N 16-16/3991 Қазақстан жастарының II Конгрессінде берген тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 150 "2003-2004 жылдарға арналған жастар саясаты жөніндегі Бағдарлама туралы" қаулысын, өзге де нормативтік - құқықтық актілерді және осы ережені басшылыққа алады.

4. Кеңестің құзырына төмендегі мәселелер кіреді:

1) Аудан әкімияты тапсыруымен және тікелей кеңеске жастар саясаты жөнінде берілген ұсыныстарды қарау;

2) Ауданда мемлекеттік жастар саясатының орындалуы туралы жыл сайынғы және оперативті баяндамалар жасау;

3) Жоғарыда аталған мәселені жүзеге асыру барысы туралы сараптамалық-аналитикалық материалдарды әзірлеу, мемлекеттік басқару органдары және қоғамдық бірлестіктермен өзара тиімді іскер қарым-қатынасты қалыптастыру;

4) Мемлекеттік жастар саясатының барысы, орындалуы жөнінде ұсынымдық қорытындылар мен ұсыныстар жасау.

5. Кеңес өз құзыры шеңберінде төмендегілерге құқылы:

1) Мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан өзіне жүктелген функцияларды орындауға, қажетті ақпараттар, құжаттар және материалдар сұратып алуға;

2) Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдар өткізетін кеңестер, конференциялар семинарларға өз өкілдерін қатыстыруға;

3) Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру барысында мемлекеттік органдарға ұйымдастырушылық, әдістемелік, ақпараттық және өзге көмек түрлерін көрсетуге;

4) Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру барысын тексеру мақсатымен жұмыс комиссияларын құруға және ол комиссиялар құрамына оқу орындарының және де басқа мекеме, ұйымдардың өкілдерін қосуға;

5) Кеңес қызметі туралы материалдарды бұқаралық ақпарат құралдар беттерінде жариялауға.

6. Кеңес отырыстарында қабылданған ұсыныстар мен тұжырымдар кеңестің шешімдері болып табылады және олар аудан әкімиятының назарына ұсынылады.

7. Кеңестің құрамында кеңестің төрағасы, оның орынбасары, хатшысы және мүшелері болады. Кеңестің төрағасы мен оның мүшелері кеңес жұмысына

қоғамдық негізде ат салысады. Кеңес мүшелерінің саны аудан әкімияты
б е л г і л е й д і .

8. Кеңес отырыстары кеңес төрағасының ұсынысымен жарты жылда бір рет шақырылады. Кеңестің отырыстары кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысқанда ғана заңды деп саналады. Кеңес мүшелері орынды, дәлелді себептері болған жағдайдан басқа уақытта отырыстарға тек өздері қатысуға тиіс. Кеңестің шешімдері кеңеске қатысушы мүшелерінің дауыс басымдылығымен қабылданады. Кеңестің төрағасы Кеңес шешімдері мен өзге құжаттарына қол қойып, отырыстардың күн тәртібіне қойылатын мәселелерді ұсынады, өзге де ұйымдастыру-басқару жұмыстарын атқарады. Кеңес төрағасы отырыста болмаған жағдайда оның міндетін кеңес төрағасының орынбасары атқарады.

9. Кеңестің ұйымдастырушылық және ақпараттық қызметін ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімі жүзеге асырады.

А у д а н ә к і м і н і ң

орынбасары